

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 қазандағы № 1064 қаулысы
«2014 - 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне табиғи сипаттағы
төтенше жағдайлардың салдарын жоюға байланысты Ақмола облысы Атбасар
ауданының Атбасар қаласындағы № 1 орта мектебінің ғимаратын күрделі жөндеуге
Ақмола облысының әкімдігіне ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде аудару үшін
2014 жылға арналған республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасы Үкіметінің
шұғыл шығындарға көзделген резервінен 134935913 (бір жүз отыз төрт миллион тоғыз
жүз отыз бес мың тоғыз жүз он үш) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен
бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Ақмола облысының әкімі 2014 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан
Республикасы Білім және ғылым министрлігіне бөлінген қаражаттың мақсатты
пайдаланылуы жөнінде есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	К. Мәсімов
---	------------